

Жамбыл облысында кедейшілікті төмендету жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған Бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Жамбыл облыстық мәслихатының 27 тамыздағы N 5-4 шешімі. Жамбыл облыстық әділет департаментінде 2004 жылғы 28 қазанда N 1474 тіркелді. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі № 4-1874 Хатымен

Еркерту. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007.04.24 № 4-1874 Хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағы 11 тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Жамбыл облысында кедейшілікті төмендету жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған Бағдарламасы бекітілсін (қоса беріледі).

2. 2003 жылы 21 қазанда Әділет басқармасында 1117 нөмірмен мемлекеттік тіркеуден өткен, 2003 жылы 8 қарашада облыстық "Ақ жол» газетінің N 133 (15299) санында жарияланған екінші шақырылған Жамбыл облыстық мәслихаттың 2003 жылғы 12 қыркүйектегі жиырмамыншы, кезектен тыс сессиясының "Жамбыл облысында кедейшілікті төмендету жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған Бағдарламаны бекіту туралы" N 20-3 шешімінің күші жойылсын.

3. Бағдарламаның орындалуына бақылау жасау облыстық мәслихаттың жастар, отбасы және әйелдер ісі, мүгедектер мен тұрғындардың тұрмысы төмен бөлігін әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Облыстық мәслихат

Облыстық мәслихат

сессиясының төрағасы

хатшысы

Е.СОЛТЫБАЕВ

Ә.Әсілбеков

Үшінші	шақырылған	облыстық	
мәслихаттың	2004 жылғы	27 тамыздағы	
"Жамбыл	облысында	кедейшілікті	төмендету
жөніндегі	2005-2007	жылдарға	арналған
Бағдарламасы	туралы»N	5-4	шешімімен
бекітілген			

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА
КЕДЕЙШІЛІКТІ төмендету жөніндегі
2005-2007 жылдарға арналған
Бағдарлама Бағдарламаның МАЗМҰНЫ**

1. Бағдарламаның паспорты
2. К і р і с п е
3. Экономиканың даму деңгейіне және кедейшілік жағдайына талдау.
4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері.
5. Бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі бағыттары мен тетігі.
 - 1) Халықтың әлеуметтік осал топтарындағы кедейшілікті төмендету ж ө н і н д е г і ш а р а л а р .
 - 2) Жұмыспен қамтуды жоғарылату және жұмыссыздық деңгейін төмендету ж ө н і н д е г і ш а р а л а р .
 - 3) Кәсіби даярлауды және қайта даярлауды жақсарту жөніндегі шаралар.
 - 4) Қоғамдық жұмыстардың тиімділігін жоғарылату жөніндегі шаралар.
 - 5) Несие және шағын несие беруді кеңейту жөніндегі шаралар.
 - 6) Аз қамтамасыз етілген халықтың денсаулық сақтау қызметіне қол жетімділігін жақсарту жөніндегі шаралар.
 - 7) Аз қамтамасыз етілген халықтың білім қызметіне қол жетімділігін жақсарту жөніндегі шаралар.
 - 8) Халықтың әлеуметтік қорғаудағы топтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар.
 - 9) Демографиялық және көші-қон факторларының кедейшілікке тигізетін ә с е р і .
 - 10) Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі шаралар (көлік, жолдар, байланыс, с у м е н ж а б д ы қ т а у) .
 - 11) Мемлекеттік органдардың, кәсіподақтардың, үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің кедейшілік деңгейін төмендетуге қатысуы.
6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері.
7. Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер.
8. Жамбыл облысында кедейшілікті төмендету жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған Бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары.

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы	Жамбыл облысында кедейшілікті төмендету жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған Бағдарлама
	Осы Бағдарламаны әзірлеу облыс экономикасында оңды өзгерістермен, кедейшілік, жұмыссыздық деңгейлерінің төмендеуімен, сондай-ақ бюджеттің

Бағдарламаны әзірлеу негізі	кіріс бөлігін толықтырумен және әлеуметтік салаға бағытталған қаражатты көбейту мүмкіндігімен байланысты.
Негізгі әзірлеуші	Жамбыл облысы Әкімінің еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, Жамбыл облысы Әкімінің экономика басқармасы.
Мақсаты	Еңбек әлеуетін қолдануға, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға, білім, денсаулық сақтау қызметтеріне қол жетімділігін жақсартуға, сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шараларды іске асыру арқылы кедейшілік деңгейін төмендету.
Міндеттері	Қосымша жұмыс орындарын құру, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, жұмыссыздарды кәсіби оқыту және қайта оқыту жөніндегі шараларды дамыту және әрі қарай жетілдіру; Кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасау, несие және шағын несие беру тәжірибесін кеңейту арқылы халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыру; халықтың әлеуметтік осал топтарына әлеуметтік көмек көрсету бойынша қазіргі заманғы түрлері мен тетіктерін енгізу; аз қамтамасыз етілген азаматтарға білім, денсаулық сақтау және инфрақұрылым қызметтерінің, тиімділігін және қол жетімділігін арттыру; мемлекеттік органдардың, кәсіптік одақтардың, үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің кедейшілік мәселесін шешу үшін қатысуы.
Қаржыландыру көздері	Республикалық, облыстық және аудандық бюджеттердің, үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің, қайырымдылық қорлардың қаржылары және Қазақстан Республикасының заңдылығымен тиым салынбаған басқа да қаржыландыру көздері.
Іске асыру мерзімі	2005-2007 жылдар
Күтілетін нәтижелер	Облыстың кедей тұрғындарының санын 2004 жылмен салыстырғанда 44% қысқарту, тұрғындардың жан басына шаққандағы жалпы аймақтық өнімнің өсімін 2004 жылы 102,6 мың теңгеден 2007 жылы 140,9 мың теңгеге дейін қамтамасыз ету, экономикалық белсенді тұрғындарға шаққандағы жұмыссыздар үлесін 2004 жылы 10,8%-дан 2007 жылы 8,7%-ға дейін төмендету.

2. Кіріспе

Қазіргі Жамбыл облысы экономикасының даму кезеңінде кедейшілікті төмендету мәселесі әлеуметтік саясаттағы негізгі басымдықтардың бірі болып табылады.

Осы Бағдарламаны әзірлеу облыс экономикасында оңды өзгерістермен, кедейшілік, жұмыссыздық деңгейлерінің төмендеуімен, сондай-ақ бюджеттің кіріс бөлігін толықтырумен және әлеуметтік салаға бағытталған қаражатты көбейту мүмкіндігімен байланысты.

Жамбыл облысында кедейшілікті төмендету жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған алдыңғы Бағдарламаны іске асыру белгілі бір оңды нәтижелерге қол жеткізді.

Табысы күнкөрістің ең төмен деңгейінің шамасынан төмен тұрғындардың үлесі 2002 жылы 35,8%-дан 2003 жылы 30%-ға дейін, кедей тұрғындардың саны 2003 жылы - 28,7% қысқарып, кедейшілік деңгейі 2002 жылы 4,7 пайыздық пунктке төмендеді. Экономикалық белсенді тұрғындарға шаққандағы

жұмыссыздар үлесі 2003 жылы 11,1% құрады және 2002 жылмен салыстырғанда 1,2 пайыздық пунктке қысқарды.

Көрсеткіштердің оң динамикасына қарамастан, облыстағы кедейшілік деңгейі едәуір болып қалуда және оларды қысқарту жөнінде түбегейлі шараларды қабылдауды талап етеді.

2005-2007 жылдарға арналған кедейшілікті төмендету жөніндегі жаңа Бағдарламаны іске асыру әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау және білім салаларындағы халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға едәуір бюджеттік қаржы салымдарын қарастырады.

3. Экономиканың даму деңгейіне және кедейшілік жағдайына талдау

Экономиканың нақты секторында негізгі көрсеткіштердің орнықты өсім қарқынына қол жеткізілді. Тұрғындардың жан басына шаққандағы аймақтық жалпы өнім 2003 жылы 2002 жылмен салыстырғанда 28,6% артты және 91,7 мың теңгені құрады.

Өнеркәсіп кәсіпорындарының өндіріс қызметтері жандандырылды, химия салалары кәсіпорындарының жұмыстары тұрақтандырылды, Амангелді газконденсаттық кен орнында бірінші кезек енгізілді, бұл облыс тұрғындарын арзан өз газымен қамтамасыз етті.

Ауыл шаруашылығында мал шаруашылығы өнімінің негізгі түрлері мен мал басының өсім қарқыны сақталуда. Агроөнеркәсіп кешенін қолдау көлемі тек республикалық бюджеттен бөлінген қаржы есебінен ғана емес, сонымен бірге ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге жеңілдетілген несие беру және шағын бизнесті дамытуға жергілікті бюджеттен бөлінген қаржы есебінен едәуір ұлғайды.

Соңғы жылдары облыс экономикасының тұрақтылығы әлеуметтік саладағы мәселелерді шешуге ықпал етті, орта есеппен жан басына шаққандағы халықтың атаулы ақшалай табысы 2003 жылы және 2004 жылдың бірінші жарты жылдығында 38,3% артты, бұл еңбекақының, зейнетақының, жәрдемақының және басқа да әлеуметтік төлемдердің деңгейінің өсуіне байланысты. Атаулы еңбекақының деңгейі күнкөрістің ең төмен деңгейінің шамасынан 4 есеге және ең аз еңбек ақы 2,8 есеге артты. Табысы күнкөрістің ең төмен деңгейінің шамасынан аз тұрғындардың үлесі 2003 жылы 30%-дан 21,5%-ға дейін төмендеді.

Үй шаруашылықтарын зерттеу нәтижелері бойынша экономикалық белсенді тұрғындарға шаққандағы жұмыссыздар үлесі бір жарым жыл ішінде 2,3

пайыздық пунктке қысқарып, 2003 жылы ол 11,1% құрады және 2004 жылдың соңына дейін 10,8% көлемінде болжамданып отыр.

2003 жылы және 2004 жылдың бірінші жарты жылдығы ішінде жаңадан құрылған және қалпына келтірілген жұмыс орындарына - 10212 адам, оның ішінде ауылшаруашылығына - 4834 адам, өнеркәсіпке - 2097 адам жұмысқа орналастырылып, ақылы қоғамдық жұмыстармен 4297 адам, маусымдық және уақытша жұмыстармен 22 мыңнан астам адам қамтамасыз етілді.

Кедей тұрғындар санының қысқаруы 2003-2004 жылдары ішінде 33,4% немесе 45,6 мың адамды құрады. 2004 жылдың 1 шілдесіне кедейшілік деңгейі 2003 жылдың басындағы 13,9% қарсы 9,2 % құрады.

Әлеуметтік төлемдерді: атаулы әлеуметтік көмекті, тұрғын үй жәрдемақыларын, мүгедек балаларға төленетін жәрдемақыларды, қоғамдық жұмыстарды, әлеуметтік жұмыс орындарын төлеуге қарастырылған бюджет қаражатының көлемі жыл сайын өсуде.

Әлеуметтік бағдарламаларға күш салуды төмендету мақсатында аз қамтамасыз етілген азаматтарға қайырымдылық көмек көрсетіледі. Соңғы бір жарым жыл ішінде ол 60,7 мың адамға 93,6 млн. теңге мөлшерінде көрсетілді.

Азаматтарды әлеуметтік қолдауды жетілдіру мақсатында 2003 жылы Қаратау қаласында 70 орындық ардагерлер мен мүгедектер үйі, мүгедек балаларды оңалту орталығы ашылып, зорлыққа ұшыраған әйелдер мен балалар үшін 20 орындық "Қарлығаш" дағдарыс орталығы жұмыс істеуде. Белгілі тұрақты орны жоқ адамдар үшін әлеуметтік бейімдеу Орталығы 100 төсек орынға дейін кеңейтілді.

Мүмкіндіктері шектелген балалар үшін үйлеріне барып әлеуметтік көмек көрсететін қызметті құру жөнінде жұмыс жүргізілуде. Облыстың бір қатар аудандарында мүгедек-балалардың үйлеріне барып әлеуметтік қызмет көрсететін қызметтер, 600 зейнеткерлер мен мүгедектердің үйлеріне барып әлеуметтік қызмет көрсететін 4 орталықтар жұмыс істейді.

Тұрғын үй құрылысы бағдарламасының шеңберінде тұрғындардың әлеуметтік қорғалатын бөлігін тұрғын үймен қамтамасыз ету үлесі қарастырылған 115 пәтерлік екі тұрғын үйлердің құрылыстары басталды.

Аз қамтамасыз етілген отбасыларының балаларына әлеуметтік көмек көрсетуге ерекше көңіл аударылуда. 2004 жылдың жазғы екі айы ішінде 37,4 мың жетім-балалар, мүгедек-балалар және аз қамтамасыз етілген отбасыларының балалары демалыспен қамтамасыз етілді, бұл демалған балалардың тұтас алғандағы санының 35 % құрайды.

12 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға және ересек ауыл тұрғындарына медициналық паспорттау жүргізілді, қазіргі заманғы емдеу-диагностикалық жабдықтармен, санитарлық автокөлікпен қамтамасыз ететін емдеу-алдын-алу

мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту бағдарламасы жүзеге асырылуда, ауруханалар мен тұрғындардың кейбір санаттарын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету айтарлықтай жақсарды, тұрғындардың өз ынтасымен медициналық көмекті сұрауы артты, емдеу мекемелерін телефонмен жабдықтау деңгейі жоғарылады.

Демографиялық көрсеткіштерде оңды серпін байқалып отыр. Облыста тууға жарамды жастағы әйелдердің денсаулығын нығайту үшін "Ана мен бала" облыстық орталығы жұмыс істейді, балалы аналарға медициналық көмек көрсетуде оң өзгерістер байқалуда, бұл ана мен баланың өлім деңгейін төмендетті. Стационарлық және амбулаторлық мекемелерде балаларды тегін емдеуді қамтамасыз ету үшін бюджеттен 100 млн. теңге бөлінді.

Тууға жәрдем беретін және өкпе ауруына қарсы мекемелерінің дәрі-дәрмектермен және тамақпен қамтамасыз етілуі 100% құрайды.

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты еңбек әлеуетін қолдануға, халықтың әлеуметтік-осал топтарын қолдауға, тұрғындардың білім, денсаулық сақтау қызметтеріне қол жетімділігін жақсартуға, сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыру жолымен кедейшілік деңгейін төмендету
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу көзделіп отыр:

қосымша жұмыс орындарын құру, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, жұмыссыздарды кәсіби оқыту және қайта оқыту жөніндегі шараларды дамыту және әрі қарай жетілдіру;

жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейту, тоқтап тұрғандарын қалпына келтіру және жаңа жоғары технологиялық өндірістерді құру, кәсіпкерлікті дамыту, несие және шағын несие беру тәжірибесін кеңейту есебінен халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыру;

халықтың әлеуметтік осал топтарына әлеуметтік көмек көрсетудің қазіргі заманғы нысандары мен тетіктерін енгізу;

білім, денсаулық сақтау қызметтерінің тиімділігін және қол жетімділігін жоғарылату және инфрақұрылымды дамыту.

мемлекеттік органдардың, кәсіптік одақтардың, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдардың кедейшілік мәселесін шешуге қатысуы.

Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу үшін келесі индикаторлар белгіленеді:

--	--	--	--	--	--

көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2004ж. баға	2005ж. баға	2006ж. баға	2007ж баға
Жалпы аймақтық өнім	млрд. теңге	101	112	127	140,0
тұрғындардың жалпы саны	мың адам	984,5	987,4	990,4	993,3
Экономикада жұмыс істейтіндердің саны	мың адам	471,4	482,7	495,4	502,1
Жұмыссыздар саны	мың адам	56,8	53,9	49,7	48,0
Экономикалық белсенді тұрғындарға шаққандағы жұмыссыздар үлесі	%	10,8	10,0	9,1	8,7
Ең төмен еңбек ақы мөлшері	теңге	6600	6930	7277	7640
Орташа еңбек ақы	теңге	17710	19009	21105	25254
Күнкөрістің ең төмен деңгейінің мөлшері	теңге	4583	4813	5053	5305
Кедейшілік шегінің мөлшері	теңге	1833	1925	2021	2122
Кедейшілік шегінен төмен тұратындардың саны (орташа жылдық)	мың адам	86	69	58	48
жұмыс орындарын құру	орын	4700	5719	5012	4645
қоғамдық жұмыстарға жіберілген жұмыссыздардың саны	адам	2631	3060	3200	3300
Кәсіби оқуға жіберілген жұмыссыздардың саны	адам	464	460	460	480

5. Бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Іс-шаралар жоспарымен оны кезеңдерімен орындау қарастырылған, бұл Бағдарламаны жүзеге асыратындардың қызметін үйлестіретін болады. Әлеуметтік-экономикалық қызметтің барлық бағыттары бойынша нысаналы жұмыс жүргізу Бағдарламаны тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етіледі. Облыс және аудан деңгейінде тоқсан сайын мониторинг жүргізу арқылы Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу бақыланатын болады.

Қолданылған шаралардың тиімділігіне берілген бағаның нәтижесі бойынша Бағдарламаға және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына қажеттігінше түзетулер енгізілетін болады.

Бағдарлама 2005-2007 жылдары келесі бағыттарда іске асырылатын болады:

1) Халықтың әлеуметтік осал топтарындағы кедейшілікті төмендету жөніндегі іс-шаралар

Аз қамтамасыз етілген отбасыларын мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" заңының бюджеттік әлеуметтік Бағдарламаларды қаржыландыруға бөлінетін қаржыны жыл сайын ұлғайту шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Мақсаттық топтардағы жұмыссыздар жұмысқа орналасу, ақылы қоғамдық жұмыстарға жіберілу және кәсіби оқуды өткен кезде басым құқықпен қамтамасыз етілетін болады.

Жасы келген жалғыз адамдар мен мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету үшін облыстың жеті аудандарында үйлеріне барып әлеуметтік көмек көрсететін жұмыс істеп тұрған бөлімшелердің жүйелерін кеңейту, интернаттық мекемелердегі төсек-орындарды көбейту қарастырылып отыр.

Мүгедектерді қоғамға қосуға ықпал ету мақсатында мүгедек-балаларды оңалту Орталығының қызметі кеңейтілетін болады, сондай-ақ олар үшін үйлеріне барып көмек көрсететін әлеуметтік қызмет құрылады. Облыс шипажайларының бірінде тірек-қимыл жүйелері бұзылған мүгедектер үшін оңалту шараларын өткізуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру қарастырылып отыр. Мүгедектер жеке оңалту Бағдарламасына сәйкес протездік-ортопедикалық бұйымдармен, мүгедектерге арналған арбалармен, сурдожабдықтармен және тифлотехникамен толық қамтамасыз етіледі, сондай-ақ шипажайлар мен профилакторияларда сауықтырылатын болады. Аз қамтамасыз етілген азаматтардың жеке санаттары көлік және тұрмыстық қызмет саласында жеңілдетілген қызметпен қамтамасыз етілетін болады. Облыстың шағын қалаларының бірінде 100 орындық психоневрологиялық интернат үйінің ашылуы қарастырылып отыр.

Әлеуметтік бейімдеу және оңалту Орталықтарының, зорлыққа ұшыраған әйелдер мен балаларға қолдау көрсету жөнінде Дағдарыс орталықтарының желілерін кеңейту арқылы маргиналды топтарды қоғамға әлеуметтік бейімдеуге, медициналық және еңбек оңалтуға бағытталған кешенді шараларды қабылдау, олардың арасындағы кедейшілікті қысқартудың негізгі шаралардың бірі болып табылады.

2) Жұмыспен қамтуды жоғарылату және жұмыссыздың деңгейін төмендету ж ө н і н д е г і ш а р а л а р

Еңбек нарығындағы жағдайды жақсарту және халықты жұмыспен қамтуды жоғарылату мақсатында аймақтық және салалық Бағдарламаларды жүзеге асыру есебінен жаңа жұмыс орындарын құру қарастырылып отыр. 2005 жылдан бастап 2007 жылға дейін экономиканың әртүрлі салаларында 15 мыңнан астам тұрақты жұмыс орындары құрылатын болады.

Облыс және республика бойынша өзара жұмыс күштерін алмастыру, сондай-ақ бос тұрған жұмыс орындары туралы ақпараттармен алмасу үшін жұмыспен қамту мәселесімен айналысатын аудандық өкілетті органдар бос тұрған жұмыс орындарының бірегей республикалық банкіне қосылатын болады. Бос тұрған жұмыс орындарының арнайы жәрмеңкесін ұйымдастыру жөніндегі жұмыс жалғастырылып, жұмыс іздеу Клубтары қызметтерінің саласы кеңейтілетін болады. Жұмысшы күшіне сұраныс және ұсыныс құрылымының өзгерісін анықтау мақсатында, реттемелі еңбек нарығында, әсіресе ұзақ мезгіл жұмыс істемегендер мен оқу орындарының түлектеріне мониторинг жетілдірілетін болады. Еңбек құқығы жөнінде міндетті кеңестік қызмет көрсететін жұмыс іздеу Клубтарының қызметтері жетілдірілетін болады. Жұмыс іздеп жүрген азаматтар үшін бар жұмыс орындары туралы ақпараттарға қол жетімділігі қамтамасыз етіледі.

Аймақтық деңгейде жұмыспен қамтуды жоғарылату және ішкі еңбек рыногын қорғау мақсатымен шетел жұмысшы күшін тартуға рұқсат беру кезінде Қазақстан азаматтары үшін жаңа жұмыс орындарын құруға жағдай жасау, сондай-ақ алдағы уақытта шетел мамандарының орнын басуы үшін оларды қайта даярлау басты талаптардың бірі болып табылады. 2005-2007 жылдары ішінде іске асырылатын Бағдарламаларға сәйкес шетел инвестициялары мен мамандарын тарта отырып жергілікті тұрғындар үшін экономиканың әртүрлі саласында 1000-ға жуық жұмыс орындары құрылатын болады.

Мақсаттық топтардағы жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік жұмыс орындарын құру қарастырылып отыр. Бастапқы, орташа және жоғарғы кәсіби оқу орындарын аяқтаған жұмыссыз жастар үшін және олардың тәжірибе алулары үшін жаңа "Жастар тәжірибесі" атты бағдарлама енгізіледі.

Оралмандарды жұмыспен қамтамасыз ету үшін оларды халық кәсіпшілігі мен қолөнер мамандықтары бойынша кәсіби оқыту қарастырылып отыр.

3) Кәсіби даярлауды және қайта даярлауды жақсарту жөніндегі шаралар

Жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау жүйесін жақсарту мақсатында еңбек рыногына жұмыс күшінің қажеттілігіне мониторинг жүргізілетін болады, оның нәтижесін есепке ала отырып оқыту жүйесі - алдағы

технологиялар мен оқыту бағдарламаларын қолдану жетілдірілетін болады. Жұмыссыздарды тікелей жұмыс орындарында оқыту мүмкіндіктері кеңінен қолданатын болады.

Жұмыссыздарды оқытатын оқу мекемелерінің арасында конкурстар өткізу кезінде материалдық-техникалық базалармен басымырақ қамтылған, білім берудің тиімдірек бағдарламаларынан тұратын оқытудың жаңа түрлері мен тәсілдерін қолданатын және міндетті түрде оқу практикасынан өтуді қамтамасыз ететін мекемелерге басымдық беріледі. Кәсіби даярлаумен айналысатын оқу мекемелерінде жұмыссыздарға кәсіпкерліктің негізін, әрекеттегі нормативтік-құқықтық актілерді үйрететін міндетті курстар енгізілетін болады.

Жұмыссыздарға шағын несие беру кезінде кәсіби оқудан өткен жұмыссыздар басым құқықпен қолданатын болады.

Тараз қаласындағы политехникалық колледждің базасында жұмысшыларды, техникалық мамандарды және жұмыссыздарды кәсіби даярлайтын, аттестациялайтын және қайта даярлайтын Орталықтың ашылуы қарастырылып отыр.

Кәсіпкерлік қызметті дамыту мақсатында басымдық беріле отырып шағын қалаларда жұмыссыздарды оқыту еңбек рыногының қажеттілігіне сәйкес жүргізілетін болады.

4) қоғамдық жұмыстардың тиімділігін жоғарылату жөніндегі шаралар

Ақылы қоғамдық жұмыстардың тиімділігін жоғарылату мақсатында олардың ерекшеліктерін есепке ала отырып оларды ұйымдастыру кезінде аймақтар үшін экономикалық, әлеуметтік және экологиялық пайдасы есептелетін болады. Қоғамдық жұмыстардың түрлері кеңейеді. Олар жол құрылысы және оларды жөндеу, орман отырғызу, елді мекендер мен аймақтардың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын жақсарту, ауданның, қаланың, ауылдың, әлеуметтік қызмет саласындағы инфрақұрылымды дамыту сияқты экономиканың салаларын дамыту бағдарламалары жүзеге асыру кезінде қолданылатын болады. Жұмыс берушінің, әсіресе ауылдық жерлердегі, қаражаты есебінен ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстар кеңінен қолданылатын болады.

Қоғамдық жұмыстардың ұзаққа созылуы, бірінші кезекте аса осал санаттарына қарастырылуда, сонымен бірге қоғамдық жұмыстарда жұмыс істейтін жұмыссыздардың еңбек ақысы бойынша қарызға жол бермеу жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Мүгедектер үшін, кітапханаларды, кинотеатрларды, мәдениет үйлерін және тағы басқаларды жөндеуден өткізуге - қоғамдық жұмыстардың пилоттық жобаларын әзірлеу және іске асыру жоспарланып отыр.

5) Несие және шағын несие беруді кеңейту жөніндегі шаралар

Шағын несие беру жүйесін жетілдіру мақсатында оның нақты қажеттілігін анықтау бойынша жүргізілген мониторингтің көмегімен жұмыссыздар мен аз қамтамасыз етілген азаматтардың оған қол жетімділігін қамтамасыз ету қарастырылып отыр. Оларды бөлу кезінде кәсіби оқудан өткен жұмыссыздар басым құқыққа ие болады.

Көктемгі егіс және жиын жұмыстарын өткізу үшін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге несие беру, сондай-ақ шағын кәсіпкерлікті және қолөнерді дамыту үшін жыл сайын 200 миллион теңгеден кем емес бюджет қаражатын бөлу қарастырылып отыр.

Жеке қосалқы шаруашылықты дамыту үшін аз қамтамасыз етілген азаматтарға тауарлық несие беру тәжірибесі кеңейтілетін болады.

6) Аз қамтамасыз етілген халықтың денсаулық сақтау қызметіне қол жетімділігін жақсарту жөніндегі шаралар

Халықтың денсаулық сақтау қызметіне қол жетімділігін жақсарту үшін кепілдіктенген көлемде тегін медициналық көмек көрсетілетін болады. Тұрғындар тегін медициналық көмек көрсететін объектілердің тізімі және қандай көлемде көрсетілетіні, сондай-ақ қанша және не үшін төлейтіндері туралы ақпарат алатын болады.

Стационарлық мекемелерге күш салуды төмендету мақсатында күндізгі ауруханада емдеу, үйлеріне барып емдеу, ауылды жерлерде медициналық көмекті барып көрсету желілерін кеңейту қарастырылып отыр.

Ана мен балаға ерекше көңіл аударылатын болады. Диспансерлік есепте тұрған 3 жасқа дейінгі балаларды арнайы емдік тамақпен қамтамасыз ету қарастырылып отыр.

Әлеуметтік маңыздағы ауруларды емдейтін медициналық мекемелердің құрылысы және материалдық-техникалық базаларын нығайту жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Жалғыз басты ауыр науқастарды күтетін хоспистің ашылуы көзделіп отыр.

7) Аз қамтамасыз етілген халықтың білім қызметіне қол жетімділігін жақсарту жөніндегі шаралар

Халықтың білім қызметіне қол жеткілігін жақсарту мақсатында жалпы білім беру қорына бөлінетін бюджет қаржының мектептерді ағымдағы ұстауға қарастырылған шығындардың сомасынан 1,5%-дан кем емес етіп арттыру қарастырылып отыр, сонымен бірге аз қамтамасыз етілген отбасылары балаларын жаздық демалысына және ыстық тамағына қажет қаржы толық қамтамасыз етілетін болады. Сондай-ақ бірге, аз қамтамасыз етілген отбасыларының балаларын мектепке дейінгі мекемелерде ыстық тамақпен қамтамасыз етуге кеткен шығынды қайтару қарастырылып отыр.

Тиісті мектептері жоқ елді мекендердегі оқушыларды бюджет қаржысы есебінен мектептерге жеткізу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Мектепке дейінгі мекемелердің желілері кеңейетін болады.

Өкпе ауруының басылған түрлерімен ауыратын балаларға арналған кәсіптік-техникалық мектептер мен колледждердің жатақханаларын, сондай-ақ Гранитогорск мектеп-интернатының ұйықтау корпусын сейсмологиялық нығайта отырып күрделі жөндеуден өткізу жоспарланып отыр.

Кәсіби-техникалық мектептердің желілері, ауыл шаруашылығына қажет мамандарды бастапқы және орташа кәсіби оқытудың мемлекеттің үлес салмағы кеңейетін болады.

8) Халықтың әлеуметтік қорғаудағы топтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар

Облыс азаматтарының тұрғын үйге қол жетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі тұрғын үй саясатын жүзеге асыру мақсатында тұрғындардың әлеуметтік қорғаудағы топтарына тұрғызылып жатқан коммуналдық тұрғын үйлерден пәтер бөлінуі қарастырылып отыр.

Қолданылмай тұрған жатақханаларды күрделі жөндеуден өткізіп, кейін оларды тұрғын үй алуға кезекте тұрған аз қамтамасыз етілген отбасыларына беру қарастырылып отыр.

9) Демографиялық және көші-қон факторларының кедейшілікке тигізетін әсері

Денсаулық сақтау саласында тууға жарамды жастағы әйелдердің денсаулығын нығайту жөніндегі шаралар көзделіп отыр.

Оралмандарды қабылдау және орналастыру, олардың квота бойынша келгендерін тұрғын үймен қамтамасыз ету және жайластыру жөніндегі міндеттерді орындау қарастырылып отыр. Олардың жұмыспен қамтылуына, орнықтырылған жерлерінде жергілікті әлеуметтік ортаға бейімделуіне, әлеуметтік көмекпен, денсаулық сақтау және білім қызметтерімен қамтамасыз етілулеріне көмек көрсетілетін болады.

10) Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі шаралар (көлік, жолдар, байланыс, сумен жабдықтау)

Халықтың әлеуметтік қызметтерге қол жеткілігін жақсарту үшін инфрақұрылым жетілдірілетін болады.

Аз қамтамасыз етілген азаматтардың кейбір санаттарына қоғамдық көлікпен жүруге жеңілдік беру жөнінде шаралар қарастырылып отыр.

Емдеу мекемелері және жалпы білім беру мектептері телефондармен жабдықталып, жергілікті жолдарға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі және жаңғыртылады.

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылданатын болады, ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау жүйелерін және су шаруашылығы объектілерін жаңғырту қарастырылып отыр.

11) Мемлекеттік органдардың, кәсіптік одақтардың, үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің кедейшілік деңгейін төмендетуге қатысуы

Әлеуметтік саланың мәселелерін шешу кезінде тұрғындардың кедей топтарына кеңес жүргізу тәжірибесі жалғастырылатын болады.

Атаулы әлеуметтік көмекті объективті тағайындауды қамтамасыз ету үшін участкелік комиссиялардың құрамына үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіреді, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламалар бойынша бюджет жобасын талқылау кезінде де олардың қатысуы көзделіп отыр.

Кедейшілік мәселесі, сондай-ақ әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-экономикалық және еңбек қарым-қатынасын реттеу жөніндегі облыстық үш жақты комиссияның отырыстарында талқыланатын болады, атқарушы, өкімет билігі, жұмыс беруші және кәсіподақ өкілдерінің қатысуымен еңбек қарым-қатынасын дамыту мәселелері бойынша "Дөңгелек үстелдерді" өткізу тәжірибесі жалғасатын болады.

Қызметтері кедейшілікті, жұмыссыздықты, кәмелетке толмағандардың арасындағы қадағалаусыздықты және қараусыздықты төмендету шараларын жүзеге асыруға бағытталған әлеуметтік үкіметтік емес ұйымдарға, оларға мемлекеттік тапсырысты орналастыру арқылы мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету қарастырылып отыр.

6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Бағдарлама кешенді мінезде, сондықтан кедейшілікті төмендету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға бағытталған негізгі қаржы экономиканың тиісті салаларында кедейшілікті төмендету мәселесін шешетін облыстың әрекеттегі және әзірленіп жатқан аймақтық және салалық бағдарламаларының шеңберінде қарастырылатын болады.

Осы Бағдарламаны іске асыру үшін жергілікті бюджеттің қаржысы, республикалық бюджеттің қосымша қаржылары, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдардың, қайырымдылық қорлардың, сондай-ақ басқа да заңнамаларымен тиым салынбаған қаржыландыру көздерінің қаражаттары қолданылатын болады.

2005-2007 жылдары қаржыландыру көлемі

млн. теңге

	2005-2007 жылдар	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл

	Барлығы	35372,1	10349,8	11971,6	13050,7
1	Облыстық бюджет	32168,4	9357,0	10873,7	11937,7
2	Жергілікті бюджет	3203,7	992,8	1097,9	1113,0

7. Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер

Облыстағы кедей халықтың үлесін 2007 жылы 2004 жылмен салыстырғанда 44%-ға қысқарту. Сауықтыруға мұқтаж мүгедектерді шипажайлық-курорттық жолдамалармен, қозғалу құралдарымен, сурдотехникамен және тифложабдықтармен толық қамтамасыз ету және қарттар мен мүгедектерді интернат үйлеріне орналастыру.

Аз қамтамасыз етілген тұрғындарды атаулы әлеуметтік көмекпен және тұрғын үй жәрдемақыларымен толық қамтамасыз ету.

Халықтың әлеуметтік қорғалатын топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Экономикалық белсенді тұрғындарға шаққандағы жұмыссыздардың деңгейін 2007 жылы 8,7% дейін төмендету (2003 жылмен салыстырғанда 2,4 пайыздық пунктке).

Бірде-бір жұмыс істейтін адамы жоқ отбасыларының кем дегенде бір мүшесін жұмыспен қамтамасыз ету.

Аз қамтамасыз етілген отбасыларының балаларын тегін ыстық тамақпен толық қамтамасыз ету.

Тұрғындарды ауыз сумен, жолдардың жағдайымен, көлік және байланыс қызметімен сапалы жақсартуды қамтамасыз ету.

8. Жамбыл облысында кедейшілікті төмендету жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған Бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	жүзеге асырылу (орындалу) мерзімі	Болжанған шығыстар, млн. теңге	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
Халықтың әлеуметтік осал топтарындағы кедейшілікті төмендетуге арналған шаралар						
1.	Мақсатты топтарға жататын жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру	Облыс Әкіміне ақпарат	Аудандардың және Тараз қ. әкімдері, облыс Әкімінің еңбек, халықты	2005-2007 ж.ж.	2005 ж -3,7 2006 ж-5,5 2007 ж-8,0	Жергілікті бюджеттер

	үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ашу		жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы	тоқсан сайын		
2.	Оқу орындарының 24 жасқа дейінгі жұмыссыз түлектерін жұмысқа орналастыру мақсатында "Жастар практикасы" атты әлеуметтік жоба енгізу	Облыс Әкіміне ақпарат	Облыс Әкімінің еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, аудандардың және Тараз қ. әкімдері	2005-2007 ж.ж . I V тоқсан	2005 ж -3,7 2006 ж- 5,2 2007 ж- 6,9	Жергілікті бюджеттер
3.	Материалдық қолдау көрсету мақсатында мүгедектер қоғамдары мен мүгедектердің жасаған бұйымдарын сату бойынша көрме-жәрмеңкелер ұйымдастыру	Облыс Әкіміне ақпарат	Облыс Әкімінің еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, аудандардың және Тараз қ. әкімдері	2005-2007 ж.ж . I V тоқсан	Қарастырылған қаражат шегінде	Жергілікті бюджеттер
